

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бюджеттері арасында кедендік әкелу баждарының сомаларын бөлу нормативтерін есептеу әдістемесін және оларды қайта қарау кезеңділігін әзірлеу туралы

Жоғары Еуразиялық экономикалық Кеңестің 2023 жылғы 25 желтоқсандағы № 8 Өкімі.

1. Еуразиялық экономикалық комиссия алқалары Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі - ЕАЭО) үкіметтерімен бірлесіп ЕАЭО-қа мүше мемлекеттердің бюджеттері арасында кедендік әкелу баждарының сомаларын бөлу нормативтерін есептеу әдістемесін және оларды қайта қарау кезеңділігін әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын (бұдан әрі - жұмыс тобы) ЕАЭО-қа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары басшыларының орынбасарлары деңгейінде құрсын.

2. Жұмыс тобының басшысы болып Еуразиялық экономикалық комиссияның Экономика және қаржы саясаты жөніндегі алқа мүшесі (Министр) тағайындалсын.

3. Жұмыс тобы ЕАЭО-қа мүше мемлекеттердің бюджеттері арасында кедендік әкелу баждарының сомаларын бөлу нормативтерін және оларды қайта қарау кезеңділігін есептеу әдістемесін (бұдан әрі - әдістеме) әзірлесін.

4. Еуразиялық экономикалық комиссия алқалары:

2024 жылдың бірінші жартыжылдығында Еуразиялық үкіметаралық кеңестің бекітуі үшін әдістеме ұсынылсын;

осы өкімнің орындалу барысы туралы 2024 жылғы мамырда Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің отырысында баяндалсын.

5. Осы өкім қабылданған күннен бастап күшіне енеді.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің мүшелері:

Армения Республикасынан	Беларусь Республикасынан	Қазақстан Республикасынан	Қырғыз Республикасынан	Ресей Федерациясынан
----------------------------	-----------------------------	------------------------------	---------------------------	-------------------------